

**Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика – математикалық мектеп – интернатындағы психологиялық қызмет жұмысының І тоқсан бойынша атқарған жұмыстары туралы анықтамасы**

2021– 2022 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет жұмысы «Жаңа формациядағы психологиялық қызмет» аясында басталды.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы 17 маусымдағы №165 бұйрығы, 2021 жылғы 31 тамызындағы №234 бұйрығы негізінде жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген «Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы» үлгілік ережесіне бойынша Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика – математикалық мектеп – интернатында мобильдік топ құрылды және психологиялық қызметті есепке алудың электронды журналы ашылды, психологиялық қызмет жұмысының жылдық жоспары бекітілді. Психологиялық қызмет жұмысының жоспарына сәйкес төмендегідей жұмыстар өткізілді:

- **Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде 6,7,8 кластарда қыркүйек айының 6-11 аралығында** Отбасыға және жақындарына, туған – туысқандарына деген ішкі сүйіспеншілікті, ыстық сезімді, құрмет көрсетуін нығайту, жарқын ойлау мен жағымды көңіл – күй қалыптастыру мақсатында **«Отбасым - мақтанышым» тақырыбында арттерапия жұмысы** өтілді. Өтілген арттерапия жұмысы оқушылардың отбасыға деген ыстық сезімдері мен құрметтерін нығайтты, жарқын ойлау мен жағымды көңіл – күй қалыптастырды.
- 2021 жылдың қыркүйек айының 11 – ші жұлдызында Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика - математикалық мектеп - интернатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде **"Жаңа оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері"** тақырыбында 7 - 11 класс аралығында ата - аналарымен онлайн кездесу жиналысы өтілді. Басты назар оқу жылында оқушылардың оқыту ерекшеліктерін қамтамасыз етті. Ата - аналармен кері байланыс жасалды.
- **«Қауіпсіз интернет», «Буллинг», «Кибербуллинг»** тақырыптарында бейнебаяндар, ақпараттық түсіндірме жұмыстары ата – аналарға (11.09.2021 жылы ата – аналар онлайн жиналысында) және оқушыларға (09.10.2021 жылы тәрбиешілерімен бірге тәрбие сағаттарында) таныстырылып өтілді. Ақпараттандыру жұмысында әлеуметтік желінің ықпалы, қауіпсіздік ережелері, буллинг, кибербуллинг, әлеуметтік желі ойындары және оның әсері секілді маңызды мәліметтер айтылып, әлеуметтік желіні оңтайлы пайдалануға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға кеңестер берілді.
- 2021 жылдың қыркүйек айының 16-20 аралығында 6 класс оқушыларына **«Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» /Н.Г.Лусканов бойынша/** өтіліп, қорытындыланды. Сауалнама барысында оқушылардан оқу мотивациясының жоғарғы, ортаңғы деңгейлері және ішкі мотивациясының басымдылығы анықталды, ал оқу мотивациясының төменгі деңгейі тән оқушылар анықталмады.
- 2021 жылдың қыркүйек айының 13-30 аралығында 6-11 класс аралығында темперамент типтерін анықтауға арналған **«Темперамент формуласы» тесті (А. Белов бойынша)** жүргізілді. Диагностика қорытындысында класс ұжымындағы «сангвиник», «холерик», «флегматик», «меланхолик» типіндегі оқушылар анықталды.

- 2021 жылдың қыркүйек айының 25 – ші жұлдызында 7 «б» класс тәрбиешісі К.Нугмановамен бірге 7 «б» класында және 9 «б» класс тәрбиешісі А.Жаубатыровамен бірге 9 «б» класында білім алушылардың оң психо – эмоционалдық көңіл – күйін қалыптастыру, өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру мақсатында **“Мен өмірге құштармын” тренинг сабағы** өтілді. Тренинг соңында оқушыларда оң психо – эмоционалдық көңіл – күй, өмірге деген құштарлық, қызығушылық арта түсті.
- 2021 жылдың қыркүйек айының 20-25 аралығында **6-11 класс ата – аналарына «Зиянды заттар (темекі және оны алмастырушы заттар) және олардың алдын алу» мақсатында ақпараттандыру жұмысы** өтілді. **Мақсаты:** ата – ана тарапынан балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу. Ата – аналарға темекінің жаңа өнімі, оның зиянды әсері мен құрамындағы қоспалары туралы бейнежазба ұсынылды. Бейнежазба арқылы қазіргі таңда темекінің электронды түрі кең таралғанын айта отырып, оның зияндылығы туралы кең көлемде мәлімет қамтылып, ата – аналармен кері байланыс жасалды. Темекінің электрондық түрі - жаңаөнім, оны пайдалған кезде түтін емес, никотиннің буы шығады. Ингалятор сияқты жасалған электрондық темекінің ішіне сұйықтық никотин (оған су, хош иіс беретін химикат, ол химикатты ыдырататын приполенгликоль қосылған) құйылып, оны қыздыратын кішкентай батерея орнатылған. Осындай мәліметтерді ата – аналарға түсіндіріп, бала денсаулығына зиян келетін заттардан олардың бойларын аулақ ұстауға ақпараттар берілді.
- 2021 жылдың қыркүйек айының 24 – ші жұлдызында отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата – аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру мақсатында **“Ұлағат” әкелер кеңесінің кездесуі** өтті. Кездесу барысында **“Ерекше бейне” танысу тренингі** ұйымдастырылды. Мектеп әкімшілігімен бірлесе **“Әкелер” кеңесінің төрағасы Исмайлов Адилбек Жубандыкович** сайланды, сонымен бірге жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Әкелер кеңесімен бірлескен жұмысқа әр класс бойынша мектеп – интернатымыздың ер азамат ұстаздары бекітіліп, алдағы уақытта бірлескен жұмыс міндетке алынды.
- Ұстаздар мерекесі қарсаңында 1 – ші қазан күні қатысушылардың өміріне жаңадан жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту, оң психоэмоционалдық ахуалды қалыптастыру мақсатында **«Із кесуші» психологиялық акция** өтілді. «Із кесуші» психологиялық акциясының өтілу ережесі мен тапсырмалары оқушыларға түсіндірілді. Оқушылар топтарға бөлініп, белгіленген уақыт аралығында акция тапсырмаларын қызығушылықпен орындады. Акция аясында ұстаздар мен оқушылардың ыстық ықыласы үшін **«Ұлы ұстаздан үлгі алсақ, ұтылмаймыз» атты «Із кесуші акциясының»** стенді зор құрметпен жасалды.
- 2021 жылдың 2 –ші қазанында **Педагогтердің кәсіби мерекесі қарсаңында және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұстаздар арасында** салауатты өмір салтын насихаттай отырып, ұстаздар арасындағы достық қарым-қатынасты, ынтымақтастықты, өзара татулық пен бірлікті нығайту, рухани-мәдени құндылықтарын арттыру мақсатында **«Тимбилдинг»** өткізілді. Тимбилдингте ұстаздар арасынан құрылған командалар әр тур бойынша бақ сынап, әділқазылар тарапынан бағаланады. Үздік командалар мектеп – интернат кәсіподағы атынан қаржылай марапатқа ие болды.

- 2021 жылдың 11 – қазанында Халықаралық қыздар күніне орай: қыз балалардың бойына рухани – адамгершілік, имандылық қасиеттерді дамыту, жеке бас гигиенасын және салауатты өмір салтын сақтауға баулу мақсатында «Сырғалым» қыздар клубының жетекшісі Алтын Алмасовна және мектеп дәрігері Ақбөбек Енисейқызымен, психолог Мейрамгул Кантарбаевна және педагог ұйымдастырушы Гулнар Жонысовнамен бірге «Қыз балалар гигиенасы» тақырыбында мектеп – интернаттың 6-9 класс қыз балаларымен дөңгелек үстел өтілді. Дөңгелек үстел аясында қыздар гигиенасы, денсаулықты күту жолдары, қоғамдағы қыз бала тәрбиесіне қатысты мәселелер талқыланды. Жағымды мінез және жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында «Өрмекші торы» тренингі өтілді. Тренингтің өтілу барысында түрлі – түсті жіптерді бір – біріне шеңберде беру арқылы қыздар өз бойларындағы жақсы қасиеттері мен сүйікті істерімен бөлісті. Қыздар «Өрмекші торын» ерекше ықыласпен, қызығушылықпен құра білді. «Өрмекші торы» тренингі қыздарға жоғары көңіл – күй сыйлады.
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында 16 – шы қазанда 10 – 11 класс аралығында салауатты өмір салтын насихаттай отырып, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты, ынтымақтастықты, өзара татулық пен бірлікті нығайту, рухани-мәдени құндылықтарын арттыру мақсатында «Дені сау ұрпақ, жарқын болашақ» атты тимбилдинг өткізілді. Тимбилдингте оқушылар арасынан құрылған командалар әр тур бойынша бақ сынап, әділқазылар тарапынан бағаланады. Әділқазы құрамында «Ұлағат» әкелер кеңесінің төрағасы Әділбек Жұбандықұлы төрелік етті. Үздік командалар «Ұлағат» әкелер кеңесі атынан сыйлықтармен марапатталды. Тимбилдинг оқушыларға жоғары деңгейде көңіл – күй сыйлады, достық қарым-қатынасты нығайтты.
- 2021 жылдың 18-22 қазан аралығында «Рухани келісім күні – тұрақтылықтың іргетасы» атты апталығы аясында 10 класс оқушыларымен “Имандылық - ұлт тірегі” тақырыбында “Аңсар” ақпараттық талдау орталығының теологы Исабаев Азамат Қонақбайұлымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелде теолог маман жастарға жат ағымның белгілері және олардан сақтану жолдары туралы түсіндіріп, көкейкесті сауалдарына жауап берді.
- 2021 жылдың 21 – ші қазанда 6 класс оқушыларына эмоционалды интеллектіні, қарым – қатынасты дамыту, жағымды көңіл – күй сыйлау мақсатында «Калейдоскоп» психологиялық ойын өтілді. Психологиялық ойынға оқушылар өте белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Ойын барысында оқушылар өзара жағымды қарым – қатынас жасай білді, көңіл – күйлері көтерілді.
- 2021 жылдың қазан айының 5-7 аралығында 10 а,б класс оқушыларына «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» /Н.Г.Лусканов бойынша/ өтіліп, қорытындыланды. Сауалнама барысында оқушылардан оқу мотивациясының жоғарғы, ортаңғы деңгейлері және ішкі мотивациясының басымдылығы анықталды, ал оқу мотивациясының төменгі деңгейі тән оқушылар анықталмады.
- 2021 жылдың қазан айының 18-23 аралығында 8 – 11 класс аралығында стресс, депрессия, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында оқушыларға DASS сауалнамасы өткізілді. Қорытындысында шекті мәннен асқан жағдайлар анықталмады.

- 2021 жылдың қазан айының 25-26 аралығында 6,7,8 класс аралығында **«Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын» сауалнамасы** өткізілді. Бұл сауалнама балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін қамтылды.
- 4 қараша 2021 жылы кәсіптік және тұлғалық қарым-қатынастағы күзиретті дамыту, ұжымдық жағымды көңіл – күйді қалыптастыру, ұстаздарды шәкірт тәрбиелеуде ынталандыру мақсатында **әдістемелік кенесте «Өрмекші торы» тренингі педагогикалық ұжымға** өтілді.

Психологиялық қызмет аясында ұйымдастырылған жұмыстар [\\_fizmat\\_aktobe](#) инстаграм парақшасына жүктелді.

Психолог М.Истигулова